

**Докторант Ахметова Айнур Мырзалиевнаның «6D021400 –
Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін
(PhD) алу үшін ұсынған «XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ
романдындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысына
шетелдік кеңесшінің (доктор, проф. Ибраһим Дилек)**

ПІКІРІ

Ескі түркілер дәуірінде қалыптасқан «Мәңгілік ел» ұғымы XXI ғасырдағы қазақ қоғамында қайта жаңғыру жағдайын бастаң кешіруде. Жаһандану заманында алып елдердің технология, өмір сүру және ойлау дағдысына бой алдырып, жоғалып кетпеу үшін сөз өнерінде мұндай көркемдік таңбаны зерттеудің өзектілігі жоғары деп санауга болады. Бұл ұғым түркі халықтарының мәдениетінде маңызды орын алады. Сондай-ақ қазіргі заманғы гуманитарлық ғылым салаларында когнитивтік ұғымдарды зерттеу кең қанат жайды. Айнур Ахметованың «XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысында қазіргі қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» ұғымы көркем концепт ретінде қарастырылған. Ізденуші зерттеу жұмысында гуманитария ғылым салаларында концепт терминінің зерттелуі жағдайына, «Мәңгілік ел» ұғымының көркемдік таңба ретіндегі ерекшелігіне және аталған ұғымдың концепт ретінде XXI ғасырда жарық көрген қазақ романдарынан қарастыру мәселесіне ерекше назар аударған.

Ізденуші зерттеу жұмысының алғашқы тарауында когнитивтік әдебиеттану термині саналатын концепт категориясының филология ғылымындағы зерттелу жағдайына қатысты жеке ой-тұжырымдар жасаған. «Мәңгілік ел» ұғымын концепт ретінде қарастыру үшін оның түркілік дүниетанымда алатын орнына дең қойған. Түркология мен қазақ әдебиеттануындағы «Мәңгілік ел» ұғымына қатысты зерттеулерге сілтеме жасай отырып, аталған ұғымның концептілік әлеуетін нақтылауға тырысқан. Сондай-ақ, концепт термині пәнаралық негізде зерделеніп, қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» концептінің қалыптасып, даму жолдарына шолу жасалады. «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік құрылымдарының қазіргі көркем туындылардағы көріну ерекшеліктері сарапқа салынып, аталған концептінің әдебиеттанулық аспектіде зерттеу мәселесіне ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Диссертациялық жұмыстың талдау нысанына XXI ғасырдағы қазақ романдары іріктеліп алынған. Объективті әрі тереңірек зерттеу жасау үшін 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қазақ романдарының жарық көру үдерісін бағамдау барысында статистикалық жұмыстар жүргізген. Оның ішінде 2000 жыл мен бүгінгі уақыт аралығында жарық көрген романдар саны жеке көрсетілген.

Ізденуші зерттеу нысанына алынатын туындыларды таңдалып алып, диссертациялық жұмыстың екінші және үшінші тарауларында Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезен», Н.Қуантайұлының «Қараөзек», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас», Ә.Таразидің

«Мұстафа Шоқай» және Д.Досжанның «Ақ орда» романдарының көркем мәтінінен «Мәңгілік ел» концептінің репрезентациясын (образдардың қайта жаңғыруы) қарастырған. Аталған романдар мәтінінен бұған дейін басқа жұмыстарда «Мәңгілік ел» концепті қарастылмаған. Сондай-ақ, ізденуші 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген романдарды бір диссертациялық жұмыс аясына сыйфызу мүмкін болмағандықтан, көрнекті, көркемдік қуаты жоғары шығармаларды ірікте алған.

Зерттеу жұмысындағы тұжырымдар логикалық тұрғыдан дұрыс. Максат-міндеттері мен жұмыс мазмұны өзара сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Изденуші жұмысты жазу барысында пәнаралық когнитивтік ғылым салаларындағы методологиялық әдістерді жеткілікті деңгейде қолдана білген.

Диссертацияның «Кіріспе» бөлімінде зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсат-міндеттері, пәні, жаңалығы айқындалып, зерттеу тақырыбына қатысты тұжырымдар көлтірілген. Аталған жұмыста «Мәңгілік ел» концептінің қазақ романдарынан алғаш рет қарастырылуы жұмыстың жаңалығын айқындайды.

Диссертацияның «Мәңгілік ел» әдеби концептінің бейнелі құрылымдары мен когнитивтік-көркемдік моделі» деп аталатын екінші тарауында Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Н.Қуантайұлының «Қараөзек», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» және Д.Досжанның «Ақ Орда» романдарына талдау нысанына алынып, «Мәңгілік ел» көркем концептінің когнитивтік модельдері айқындалған. Сондай-ақ аталған концептіні өзге іргелі концептілер өзегінде қарастырған. «Мәңгілік ел» көркем концептінің ментальды құрылымдарын толықтырудың түркілік дүниетанымның рөлі» деп аталатын үшінші тарауда жазушы Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай» романдарының дискурсынан «Мәңгілік ел» концепті іздестірілген. Аталған романдарда түркілік мотивтер ерекше көркемдік қызмет атқаратындықтан ізденуші екі туындыны бір тарауда біргелікте қарастырған деп тұжырымдауға болады.

Зерттеу жұмысының қазіргі филологияда, жалпылай алғанда гуманитарлық ғылым салалары бойынша теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары. Бұл жұмысты XXI ғасырда жарық көрген қазақ романдарын жаңа қырынан, қазіргі ғылымда кең қанат жайған антропоөзектік парадигма аясында талдаған, әдебиеттану саласында теориялық әрі тәжірибелік тұрғыда жеке тұжырымдар ұсына білген зерттеу деп есептеймін.

Ахметова Айнур Мырзалиевнаның зерттеу жұмысының өзекті әрі маңызды екенін айта отырып, «6D021400-Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты жұмыс деп сенемін.

Шетелдік кеңесші

доктор, профессор Ибраһим Дилек



Prof.Dr. İbrahim DILEK